

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№113

2017 жылғы 03 наурыз

**Облыстық мәслихаттың кезекті
сегізінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті сегізінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының есебі және 2016 жылға оның қызметін бағалау.

*Баяндамашы: Қ.С.Әлиев – Ақтөбе облысының жергілікті
полиция қызметінің басшысы*

2. Ақтөбе облысында тұрғын үй құрылысын дамытудың жағдайы мен келешегі туралы.

*Баяндамашы: С.Т.Төленбергенов - құрылыс, сәулет және
қала құрылысы басқармасының басшысы*

3. 2016 жылы атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

4. «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №72 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Р.Ә.Айдашева –экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасының басшысы*

5. «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: С.Т.Төленбергенов - құрылыс, сәулет және
қала құрылысы басқармасының басшысы*

6. Қобда ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы.

7. «Ақтөбе облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №262 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

8. «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №391 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. «Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 3 маусымдағы №29 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

10. «Облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 7 тамыздағы №335 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 30 қыркүйектегі №116 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

13. «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

14. №11 Сазды сайлау округінен депутат С.М.Қалдығұлованың депутаттық сауалы туралы.

15. №8 Пацаев сайлау округінен депутат Д.А.Довматенконың депутаттық сауалы туралы.

16. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. САДЫҚОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА